

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
«__» _____ 20 __ года

2024 жылы 27 наурызда жарияланды

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрі
А. Сапаровқа

Қазақстан Республикасы
Су ресурстары және
иригация министрі
Н. Нұржігітовке

Депутаттық сауал

Құрметті Айдарбек Сейпілұлы!

Құрметті Нұржан Молдиярұлы!

Депутаттық сауалым Ұлытау облысы сияқты шөлейтті аймақтардағы жайылым жерлерді суландыру хақында болмақ.

Үкімет «Жайылымдарды суландыруды субсидиялау» № 4 паспорт бағдарламасы» бойынша су ұңғымаларды бұрғылауға жұмсаған шығындарға субсидия бөле отырып, фермерлердің қыстауларының түбінен су ұңғымасын қазып, күн панелін орнатқанын білеміз. Сонымен бірге бұл жобаға өлексе көрген құзғындай жемқорлардың жабылып, бөлінген қаражаттың жартысын 40 млрд. теңге жемқорлардың жемсауында кеткенінен де хабардармыз.

Оның үстіне бұл жобалардың гидрогеология ғылымының толық анализі бойынша өтпеуін, бұрғыланған су ұңғымаларынан судың «қашуынан», кермек судың шығуынан байқауға болады. Әдеттегідей ғажап жоба, шалажансар менеджменттің құрбаны болды. Ал еліміз бойынша 100 млн. гектар жайылымды суландыру қажет.

Бұл жобаға негізінен еріген қардың суы мен жаңбыр суын жинайтын, ел аузында «котлован» аталып кеткен – су қазаншұңқырларды пайдалану ыңғайлы болар еді.

«Қатты жерге қақ тұрар, Қайратты ерге бақ тұрар» демекші Сарыарқаның жері қатты, шөлейіт, тақыр болғандықтан малдың жайылымын

осылайша суландыру ғана мәселені шешпек. Оның үстіне мұндай қазаншұңқырлар - жылда жан жалмайтын дала өртін ауыздықтаудың да таптырмас құралы болар еді.

7 жыл бұрын қабылданған «Жайылымдар туралы заңда» мұндай су нысаны - «апандар» деп белгіленген және оны салудың жоспары бекітілмеген. Ал таяуда қабылданған өзгерістерге байланысты мұндай жоспарларды дайындау жергілікті әкімдіктерге берілмекші.

Осыған орай:

7 жыл бойы «Жайылымдар туралы заңда» көрсетілген нормаға сай Ауылшаруашылық министрлігі жайылымдарды суландыру жоспарын бекітпегенін ескере отыра;

1. Жайылымдарды суландыру жоспарын дайындау барысында айтылған (котлован) апан-қазаншұңқырларды салу немесе қазір сақталып қалғандарын қайта жөндеуден өткізу мәселелерін пысықтап, жобаға қанша қаражат жұмсау керектігін анықтау қажет.

2. Қос министрлік жайылым жерлерді суландыру нысандарын салудың методикасын ұсыну аясында (котлован) апан-қазаншұңқырларды салудың пилоттық жобасын Ұлытау облысында жүзеге асырудан бастау қажет.

3. Мұндай су нысандарын салуды Министрліктердің құзіретінде қалдыру қажет. Аудандық немесе ауылдық әкімдіктердің бюджетіне олар орындай алмайтын жобаны ысыра салуға жол бермеу керек.

**«AMANAT» партиясы
фракциясының мүшелері**

**Е. Сатыбалдин
А. Әлтай
Е. Әбдиев**

*орын: М.Ырысбекұлы
тел: 74-63-61
kokashev@parlam.kz*